Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртінуге. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс				

	ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айту. Сөздік қорды толықтыру. (көркем әдебиет) «Қандай мамандық иелерін таниды?», «Ата аналары қандай мамандық иесі» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жартылай отырып, бұрылып жүру; арқан бойымен жүру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; бірінің артынан бірі сапқа тұру <u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр»	Музыка "Аю мен түлкі". Мақсат-міндеттер. Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен аңдар қимылдарын дербес орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> заттарды айналып жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; туннельарқылы еңбектеу; бір-бірінің жанына сапқа тұру; <u>Қимылды ойын:</u> Кұстардың ұшып келуі <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату;	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жартылай отырып, бұрылып заттарды айналып жүру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; туннельарқылы еңбектеу; сапқа тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Сақина жасыру
	ші-ші-ші Ағам менің – әнші Әпкем менің – биші	Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің	Қалпағы ақ қарасаң, Дәрігер емес ,бірақ та, Дәм мәзірін қаласаң,	Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім	Ілініп тұрған суреттерге қарап қандай мамандық

	Көкем менің – күйші Тіл ұстарту жаттығуын жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы таныстыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту (сөйлеуді дамыту) Әнші балапан әнін теледидарға қарап айту. (музыка)	мамандығында пайдаланатын құралдарды көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен таныстырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз) Топқа аспаз апай қонаққа келеді. Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып қамырдан күлшелер жасау керектігін түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып	жүргізеді. Автобустарды ше? Жүргізуші деген кім? сендердің ата аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? (сөйлеуді дамыту) Жүргізушінің құралы көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек салып аяқтап, бояу. Ермексазdan машинаның рөлін жасау. (сурет салу, мүсіндеу).	иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды сәйкестіріп қасына қояу. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	--	---	---	---

			салады (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, музыка)		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру. Аула тазалаушы мен бақташыға көмектесу. Оларға әнші балапан әнін айтып беру. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Кім жылдам» Қардан жұлдызқұрт жасау. (құрастыру)	Қардан доп құрастыру, нысанға дәлдеп лақтыру. (құрастыру) Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық» Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету	Ауладағы ауа райын бақылап, сипаттай білу. Құстарға жем беру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар. Қ/О «Поезд» Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері)	Көліктердің іздерін қарау. көлік жүргіземіз деп рөл ұстағандай болып жүріп, дауыстарын келтіру. Тұраққа келеміз, жол жүреміз тапсырмаларын орындау. Оңға солға бұрылғанда кеңістікті бағдарлау дағдыларын пысықтау. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен	Серуенге алып шыққан ойыншықтардың бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Қардан доп жасау, оны домалатып, ұшырып көру. Доп пен қардан жасалған допты салыстыру. (құрастыру) Еркін ойындар Қ/О «Поезд»

				мысық»	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын меңгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Әнші, биші, күйшінің суреттерін қарау, олардың құралдарымен ойындар ойнап, олар	Менің мамам дәрігер Ө. Мұсаханов Тіс ауырса, іш ауырса	«Жеті лак» ертегісін естеріне түсіріп кітаптан суреттерін көрсетіп оқып беру.	Қағаз бетіне дайын көлікті желім жағып жапсырту (жапсыру)	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары

қарау және тағы басқа әрекеттер)	туралы ертегі ойлап айту. Суреттер бояу, ермексаздан микрофон жасау, қағаз бетіне әр өнер иесіне тиесілі аспаптарын жапсыру. (көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Мамам дәрі береді. Барлық ана, барлық бала, Оны жақсы көреді. Тақпағын таныту. Ауырып жатқан адамға жанашырлық танытуға тәрбиелеу (көркем әдебиет) Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. (Математика негіздері)	Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға үйрету. (көркем әдебиет) Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Шыққан түске сәйкес келетін шарларды салу. (сурет салу) бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. (кұрастыру)	Өндер мен тақпақтар және билерді қайталату (көркем әдебиет, музыка) Кұрастыру материалдарынан көлік құрастыруды жетілдіру. (кұрастыру) Еркін іс әрекеттер	бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Фланелеграфта сүйікті мамандық иесінің құралдарын таңдап жапсыру. Ойыншықтарының суретін бояу. Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
---	--	---	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы»немесе «жаман»әрекеттер туралы қарапайым түсінік беру	Кітаптардағы суреттерді өз бетінше басқа балалармен қарастыруға үйрету	Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын дұрыс анықтауға үйрету	Ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинауға үйрету	Қол ұстасып жартылай отырып заттарды айналып жүгіруді үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау (көркем әдебиет, музыка) Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Баласының қысқы ойындар туралы не білетінін сұрау. Қыс мезгілі бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну				

Білім беру ұйымы: «Әсел» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас.

Педагогтің аты-жөні: Альденова А.

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.01-27.01 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жаңа жылдық ертеңгіліктегі қауіпсіздік шаралары мен ережелерді таныстыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап», «Үй жануарларын тап», «Шыршаны сәнде» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, Құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. Балармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. «Көліктер» туралы не білетіндерін сұрау. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен				

	бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Тоқтап, заттарды айналып жүру; тұрған бір орнында қос аяқпен секіру. шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). <u>Қимылды ойын:</u> Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р	Музыка "Қысқы әнші құстар". Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы әнге қызығушылықтары н арттыру; торғайдың табиғи дауыс ерекшелігін есту және қабылдай білу сезімін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілеті мен музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға дағдыландыру.	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру; көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Ақ доп, қызыл доп <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шанамен сырғанау. биік емес төбеден сырғанау.	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру; бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). <u>Қимылды ойын:</u> Поезд
	Балалар бүгін сендер балабақшаға немен келдіңдер. Мына суретте	Ұшқыш Кең аспанды шарлаған,	Қонаққа есікті тақылдатып тасша бала келеді.	Камаздың гүрілдеген дауысы естіледі. Балалар	Балаларға автобус макетін

	не бейнелеген. Балалар бір бөлігі ғана көрініп тұрған суреттен не зат екенін табу керек. Машина, автобус туралы не білетіндерін сұрау. Өткен аптада жүргізушімен танысқанын, қандай ойындар ойнағандарын естеріне түсіру. Орындықтарды қатарластырып қойып автобустағыдай әрекеттер жасап ойнау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Ұшқыш деген мен болам. Қыран құстай самғаған, Ерен жүйрік мен болам. Ұшқыш деген кім? ол қандай көлікті бағындырады. Ұшақтың қандай түрлері болады? Олардың түстері қандай? Қалай ұшады, көрсетіп, ойнау. Сендер ұшақта ұшып көрдіңдер ме? Қима суреттерді құрастыру. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	Балалармен сәлемдесіп, зерігіп кеткен соң достар тауып ойнауға келгенін айтады. Балалар ойнауға келіседі. Өздерінің жақсы көретін ойынын ойнату. Бір кезде тасша бала қалтасынан қағаз тауып алады. Балалар мен сендерге бір зат жасап көрсетейін деп кеме жасап береді. Балалар не зат екені табады. Бірге барлығы бірнеше кеме жасайды. Содан соң оны суға жүздіртіп көрейік деп арнайы ыдысқа құйылған суға жүздіртеді. Содан соң тасша бала үйіне қайтуы керектігін айтып достарымен қоштасып үйіне қайтады. Балалар серуенге жиналады	бұл ненің дауысы екенін тапқанда экраннан суреті шығады. Жүк көліктерінің суреттерін қарау, оларды салыстыру, сипаттау, топтағы жүк көліктермен әр түрлі заттарды тасу. (көркем әдебиет, математика негіздері) Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету Құрастыру материалдарынан жүк көлігін құрастыру (құрастыру)	көрсетіп оған мініп саяхатқа шығамыз деп автобустағы орындықтарға отырғызу. Балалардан артында, алдында, сол жақта, оң жақта кім отыр деп сұрау. Содан соң көлік жүрді деп балаларға алға қарандар дейді. Алдында ауыл көрінеді біз сол жерге барамыз дейді. Содан соң ауылға келген соң автобустан түсіп жан жағымызға қараймыз біздің оң жағымызда үйлер орналасқа, сол жағымызда үй жануарлары күшік пен мысық тұр екен дейді. Балаларға көздерін жұмдырып күшікпен мысық жасырынады деп,
--	---	---	---	--	---

			(сөйлеуді дамыту, құрастыру)		оларды жасырып қояды. Балалар дөңгелене отырады. «Пішіндерді ата» дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қоржыннан пішіндерді шығарып бұл қандай зат оның пішіні неге ұқсайды деп сұрау : орамал – үшбұрыш, шаршы, күн дөңгелек, терезе шаршы, кілемше – тік төртбұрыш. Содан соң қайта автобусқа мініп топқа оралады. (көркем әдебиет, математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Автобусқа мініп аулаға шығайық. Балабақша ауласына ауа райын бақылату. Көшедегі көлік	Далаға шығып ұшақтар аспанда бар ма, қарау. Ұшақты адамдар құстарға	Қандай көлік құралдарымен танысқандарын	Аула сыпырушыға балабақша ауласын қардан тазартуда көмек беру. Жүк	Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру.

	пен автобустардың дыбыстарын тыңдау, олардың шығаратын дыбыстарында айырмашалық бола ма анықтау. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық.» Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.	қарап жасағанын түсіндіру. Ұшақтар болып ұшу. Ол қалай ұшады, қалай қонады көрсету, бірге жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Өз түсінді тап» Қар түйіршіктерін нысанға лақтыру	естеріне түсіру. Ауа райын бақылап, сипаттауды пысықтау (қоршаған ортамен танысу) Балалардың дербес әрекеттері Қимылды ойын «Допты дәлдеп лақтыр»	көліктеріне қарды салып тасу. Балалардың дербес әрекеттері Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль»	Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Қимылды ойын «Қуыр-қуыр қуырмаш»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Машина автобус бейнелеген суреттерді бояу (сурет салу) Балалардың таңдауы бойынша машина дөңгелегін ермексаздан жасату. Фланелеграфқа автобусқа жолаушыларды жапсырып, дұрыс орналастыру. (мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, машина, автобус құрастырту.	Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту. Ұшақты әр түрлі заттың қасына қойып қай жерде екенін атау, (Математика негіздері) Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. Орталықтарға бөлініп ұшақтың бейнесін қанаттарын салып	Кемелерге түрлі желкендер жапсыру немесе желкеннің суретін салып бояу. (Жапсыру) Топтағы кеме ойыншықтарын салыстыру (үлкен, кіші) (Математика негіздері)	Балалардың сұранысы бойынша кітаптардан ертегі оқып беру. Баяғы заманда жүк көліктері болмаған кезде адамдар ат арбамен жүк тасығанын айту. Қазіргі замандағы арбалардың түрлерімен таныстыру. (көркем әдебиет) Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша көліктердің суретін бояу, дайын көлік пішіндерін жапсыру жұмыстарын орындату (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Көліктерді

	(құрастыру)	толықтырып бояу, ермексаздан ұшақ жасау(тәрбиешінің көмегімен) қағаздан ұшақ құрастырып оны ұшыру.		жұмыстарды жасату. Жүк көлік немесе арбаның дөңгелегін салу, бояу. Фланелеграфта жүк көлігін құрастырып жапсыру. Ермексаздан жүк көлігімен арбаға арналған дөңгелектер жасау. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)	құрастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Баланың өз еркімен сурет салғызуға талпындыру арқылы Сұлтан, Алиайдар, Бекарыс, Мұхаммеджан, Әлидің қабілетін арттыру	Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтыруды Дияр, Рамазан, Адина, Абдірахман, Айсезімге үйрету.	Әмина, Нұрғасыр, Есфирь, Айқын, Алинұрға кітап оқып беру. Алынған ақпаратқа сәйкес өз ойын білдіруге бағыттау	Өзі тұратын қала, ауыл және ауылдағы ғимараттар суреттерін көрсету Мансұр, Амалбек, Сұңғат, Айсұлтан, Көркемге әңгімелету	Үлестірмелі карточкалармен жұмыстар, тапсырмаларды Мирас, Айғаным, Асly, Дария, Мариям, Балжанға орындату
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Көлік іздерін салыстыру, үлкен, кіші, ұзын қысқа сөздерін пайдалану. (математика негіздері)	Қ/о «Сақина жасыру». Далаға қағаздан жасалған ұшақтарын алып шығып ұшырып	Кітаптан ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл	Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес

	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	көру. Балалардың дербес әрекеттері	доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	әрекеттері Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында кеңестер беру Апта бойғы жұмыстар жөнінде ақпарат беріп отыру. Көлік түрлерін бақылауды ұсыну.				

Білім беру ұйымы: «Әсел» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас.

Педагогтің аты-жөні: Альденова А.

Жоспардың құрылу кезеңі: 30-31 қаңтар, 1-3 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.01.2023	Сейсенбі 31.01.2023	Сәрсенбі 01.02.2023	Бейсенбі 02.02.2023	Жұма 03.02.2023
Балаларды қабылдау	Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балаларды кітаптан ертегі кейіпкерлерімен таныстыру маңыздылығы жайлы ұсыныстар беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру барысында балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Таңдауы бойынша үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойнауға мүмкіндік беру . Өнер орталығында сурет салу,суретті кітапшаларды қаратып бояту. Құрастырмалы ойыншықтармен ойнауды және ойындарынан соң ойыншықтарды сөрелерге жинату. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Ау, балалар, балалар! Айналаға қараңдар! Биыл тәтті қыс болды, Бұл бір сәтті іс болды. Ақ бұлт бүркеп аспанды, Шекер жауа бастады. Бұл қыс қандай тамаша! Ә. Табылды тақпағы арқылы қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін еске алу. Терезеге қарап ауа райын бақылату. «Қыс мезгілінде қандай айлар бартуралы не біледі?» «Қыста қандай мереке болды?» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мүмкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасату (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға бейімдеу	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру; шашырап жүгіру; доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)құрсаудан құрсауға секіру; шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Поезд	Музыка "Тұлпарым". Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру; «жыланша» жүгіру; Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық); шеңбердегі өз орнын табуға	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру », шашырап жүгіру Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), құрсаудан құрсауға секіру <u>Қимылды ойын:</u>

			дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.	үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр» <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.	
	Заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін дүкен ойынын ұйымдастыру (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Домалақ қар түіршіктерін салу (Сурет салу)	Баллар таңдаған шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Суреттерін көрсетусипаттау.. (Сөйлеуді дамыту) Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, мүсіндету (Мүсіндеу)	Геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру және бөлме ішінен шаршыға ұқсас заттарды табу (Математика негіздері) Құрылыс құралдарынан суреттегі үлгісіне	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, немесе жемістердің, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. «Ғажайып сандықты» қолдану арқылы (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Қалауы бойынша мультфилім көру ондағы кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен азық түліктерді жасату (Мүсіндеу)

		.Көгөністер мен жемістерді көлемдеріне қарай екі түрлі табаққа жапсыруды үйрету (Жапсыру)	қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып шарбақтар жасауды үйрету (Құрастыру)	Негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдану арқылы өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру (Құрастыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін арттыру үшін , спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың сырт киімдерінің реттілігіне зейін аударып, бақылауға үйрету; Балалардың ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Маусымдық табиғат құбылыстарын бақылату қысқы мезгілдегі қар үймектерімен мұзды салыстыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Лақ пен қасқыр» Балалардың қалуы	Балабақша ауласынада биік аласа қар үймектеріне жалаушалар қондырып сәндеу. Бір біріне көмектесу ықыласын дамыту (Математика негіздері) Балалардың құрастыруға	Ауада қар тазалауда қолданылатын заттармен таныстыру. Шағын күрекшемен жүретін жолды тазалату. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қар бетінде қолғаптарын киген	Серуенде ұсақ заттармен және спорттық ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Спорттық жаттығулар:	Желдің соғуын, ағаштардың тегселеуін бақылату. Байқаған ауа райы туралы өз бетінше айту дағдысын қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Шағын таяқшалар мен қар бетінде шеңберлерді (шарларды)

	бойынша еркін ойындар	қызығушылығын арттыру, қардан қоянға үйшік құрастыруды үйрету. (Құрастыру) Қимылды, еркін ойындар	алақандарымен іздер салу тамашалау (Сурет салу) Қимылды ойын: «Лақ пен қасқыр»	Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.	салдыртып тамашалату. (Сурет салу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды жүру дағдыларын дамыту. Асықпай бір-бірін итермей жүруді пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін жетілдіру. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеді пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				

	Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кеңістік бағыттарын (үстінде, астында, жанында) бағдарлауды үйрету үшін «Зат (ойыншық) қайда тұр» ойынын үйрету. (Математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. моншақтарды ермексаздан жасату (Мүсіндеу) Фланелеграфқа үстел үстіне ыдыс аяқтарды жапсырып орналастыру. (Жапсыру)	«Қар ханшайымы» ертегісін үстел үсті театыры құралдарымен сахналап көрсету (Көркем әдебиет) Жіпке тізілген әсем моншақтарды бояту (Сурет салу)	Терезеден қар жамылған ағаштарды көрсету олардың алдында тұрған аққаланы көрсетіп ол туралы не білетіні айтқызу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балаларды екі топқа бөліп бірінші топтағыларға қар түйірлерін ермексаздан жасау екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп үлкен кіші аққалаларды жапсырады (мүсіндеу, жапсыру)	Ұжымдық жұмыс. Ыдыс аяқ түрлерін таңдап бояу немесе дайын ыдыс аяқтар бейнесін фланелеграфтағы сөреге орналастырып жапсыру (сурет салу, жапсыру) Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды (күндіз-түнде таңертең-кешке) үйрету үшін . «Бұл қай кез» дидактикалық ойынды ұйымдастыру. (Математика негіздері)	Үй жануарларын көлемдеріне қарай фланелеграфта дайындалған үйшіктерге орналастырып жапсыру (Жапсыру) Үйшіктерге апаратын жолдарды еден үстінде құрастыру. (Құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйретуге «Сөздік»	Баланың қызығушылығын әуенмен белсендіріп отыру.	Көкөністер мен жемістер суреттерін көрсету, өсу	Көлік құралдары туралы үйретуде ойынды бала қабілетіне	Саусақ қол моторика жаттығуларын ҰІӨ, жеке жұмыста да қолдану

	ойындар» ойнату		ортасына қарай ажыратып бөлуге үйретуді жалғастыру	байланысты тиімді ұйымдастыру	
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту. (Құрастыру) Қ/о «Кім жылдам?»	Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Тырналар»	«Қорапта не бар жасырылған затты атап сипаттауына жағдай жасау. Қ/о «Поезд»	Қ/о «Кім жылдам?» Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру (музыка)	Ұқсас заттарды жинап қораптарға орналастыру (Математика негіздері) Қ/о «Тырналар»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналар баламен қыс мезгілі туралы әңгімелесуін ұсыну. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру				

Білім беру ұйымы: «Әсел» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас.

Педагогтің аты-жөні: Альденова А.

Жоспардың құрылу кезеңі: 06-10 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.02.2023	Сейсенбі 07.02.2023	Сәрсенбі 08.02.2023	Бейсенбі 09.02.2023	Жұма 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Жайдары көңіл-күймен балаларды қарсы алу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын « Жұбын тап», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, кітаптарды қарау, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, күтім жасау дағдыларын қалыптастыру. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бала бала балақан» видео				

	Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. Төрт түліктің суреттерін тамашалап, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар.	Музыка "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар.
		Негізгі қимылдар: жан-жаққа баяу айналып жүру; шеңбер бойымен жүгіру; доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) құрсаудан құрсауға секіру шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Қоян мен қасқыр	Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту.	Негізгі қимылдар: Жүру; жан-жаққа баяу айналу. шеңбер бойымен жүгіру; Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық); құрсаудан құрсауға секіру; Саптағы өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп Спорттық жаттығулар: Шанамен	Негізгі қимылдар: Жүру; жан-жаққа баяу айналу; шеңбер бойымен жүгіру; Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық); арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) құрсаудан құрсауға секіру; Саптағы өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Сақина жасыру

				сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеде сырғанау.	
	Балалар таңдаған ертегіні құыршақ театыры арқылы сахналату. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеуін, жетілдіру (сөйлеуді дамыту) Көк, ақ негізгі түстерді қолданып ұшып жатқан қар ұлпаларын салуды үйрету. (Сурет салу) Таңдаған үй жануарына құрылыс материалдарынан өз бетінше үйшік құрастыру дағдысын жетілдіру (Құрастыру)	«Не дәмді?» ертегісі айтып берумен сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту	«Қысқы киімдер» кітаптардан суреттер қарату әңгімелесу.. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Фланелеграф тақтасына әсем көлектерге оюлар жапсырып сәндеу (Жапсыру)	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Ертегіні тыңдағаннан соң кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету (математика негіздері)	Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету мүсіндеу

Серуенге дайындық	Серуенде ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде тәлімшінің ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, аяз) күнтізбеде ауа-райының жай-күйін белгілету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қыс ханшайымының патшалығымен суреттер көру арқылы таныстыру (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Өз түсінді тап.»	Ағаш бұталарынан түскен шыбықтарды жинап салыстыру (ұзын,қысқа, жуан ,жіңішке) Көп аз тең сөздерінің мағынасын түсіндіру.. (математика негіздері) Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Қарда аяқ киімдерінің іздерінен жол салу дағдысын дамыту. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Ересектердің басқаруымен биіктігі бойынша аққалаларды жасату биік-аласа, дене мүшелерін атап сөздерімен белгілеуді дамыту. (математика негіздері) Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қыстағы ағаштардың бейнесі туралы ақпарат беріп бақылау. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Балаларды айналасындағы ересектердің жұмысына зейін аударып қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға ынталандыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд» Қардан құыршақ сырғанайтын төбешікті жасату. (құрастыру)	Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика негіздері) Нан түрлерінің мүсінін жасату. (Мүсіндеу) Сырғанақ үстіне шананы жапсыруды үйрету (Жапсыру)	Балаларды қалауы бойынша (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) әрекеттерін өз бетінше орындауға жұмылдыру	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі жиназдарды жасауды үйрету (Құрастыру) Ермексаздан себеттер жасату. Көкөністердің суретін бояту. (Сурет салу) (Мүсіндеу)	Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу ермексаздан асхана ыдысын жасату Анаға сиялатын орамал тақырыбында оюларды фланелеграфта жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Желімді пайдалануда қауіпсіздік ережесін Бекарыс, Мұхаммеджан, Әлиге таныстыру	Күн тәртібіне орай күнделікті гигиена талыптарын өздігінен орындауды, тақырыпты Дияр, Рамазан, Адинаға меңгерту.	Балабақша туралы әңгімелеу, сұрақтарға Есфирь, Айқын, Алинұрға жауап бергізу	Амалбек, Сұңғат, Айсұлтанмен пішіндерге байланысты дидактикалық, үстел үсті ойындарын үнемі ойнату	Құрдастастарымен қарым – қатынасқа түсуде өз ойын айтуға үйрету мақсатында Дария, Мариям, Балжанға суреттер көрсету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балаларға ойыншық көлік түрлерін алып еркін ойынауына мүмкіндік беру. Қ/о: Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру)	Аулада тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка)	

		Қ/о: Тырналар- тырналар		Қ/о: «Допты дәлдеп лақтыр»	
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Білім беру ұйымы: «Әсел» бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас.

Педагогтің аты-жөні: Альденова А.

Жоспардың құрылу кезеңі: 13-17 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.02.2023	Сейсенбі 14.02.2023	Сәрсенбі 15.02.2023	Бейсенбі 16.02.2023	Жұма 17.02.2023
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертенгі жаттығуларын жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.				
